



**Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті**

Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы

7 тақырып. ХҮІІІ ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. .

Мамандығы: 5В020300-Тарих

Авторлары:

Жакин М.С., т.ғ.к., археология, этнология және Отан тарихы
кафедрасының доценті

Бөдеев Қ.Т., археология, этнология және Отан тарихы
кафедрасының


аға оқытушысы

Сабақ түрі: дәріс

Қарағанды 2015


XVIII ғасыр “ақындар поэзиясы ғасыры” деп аталған. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өте құнды мұралары —ақын-жыраулардың өлең-жырларында:

- халықтың өмір тіршілігі,
- көңіл-күйі,
- салт-санасы,
- өндірісі мен тұрмысы,
- мінез-құлық өлшемі,
- сол дәуірдің рухы бейнеленді.



Ақындар халық басына келген қайғыға да, жұрт кенелген мерейге де ортақ болды. Ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды.

XVIII ғасырда танымал болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұқар, Шал, Көтеш секілді жыраулар өз өмірінде ұшан-теңіз жыр шығарды.



Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын XVIII ғасырдағы атақты жырау Бұқар Қалқаманұлының (1668—1781) бірнеше шығармалары сақталған. Ол тәуелсіздікті сақтау және нығайту идеясын білдірген көрнекті дидактикалық өлең-толғаулар шығарған. Қазақ ханы Абылайды қолдап, әртүрлі даулар мен таластарды шешкен. Жырау қазақтың барлық үш жүзін біріктіріп, бір орталыққа қараған күшті мемлекет болуын армандады.

Үмбетей Тілеуұлы
1697 жылдар шамасында
Ерейментау өңірінде дүниеге
келген.

Үмбетей – Бұхар жыраудың
әрі замандасы, әрі тілектес-
ниеттес ең жақын досы болған
адам. Үмбетейдің Бөгенбай
батырдың қайтыс болуына
арналған естірту жыры-
жоқтауы белгілі. Онда ақын
батырдың жоңғарларға қарсы
шайқастардағы ерліктерін
дәріптейді.






Тәтіқара (1705-1780) – Абылай ханның тұстасы. Қалмаққа қарсы жорыққа қатысып, сол жорықтарды жырлаған ақын. Шоқан Уәлиханов Тәтіқараның кезінде ірі ақын болғандығын айта келіп, оны Абылай қолының жыршысы деп орынды ескертеді. Тәтіқара Бөгенбай қолымен қалмаққа қарсы шабуылдарға қатысып, өзінің жалынды жырларымен күреске аттанған.

Ақтамберді (1675-1768 ж.ж.)
Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі
Қаратауда туған,
Ол жоңғарлардың билігінде
қалған қазақ далаларын азат
етуді, қазақ халқының
өрлеуін, жоңғар
басқыншыларын толығымен
жеңуді армандайды. Сұрапыл
соғыстар кезінде туындаған
өлеңдері XVIII ғасырдағы
қазақтардың жауынгерлік өр
рухын дәріптейді.





XIX ғасырда орыс ғалымдары мен қазақ зиялыларының жекелеген өкілдері ақындар, суырыпсалма жыршылар, жыраулар туралы мәліметтер жинап, тіпті олар шығарған әндер мен жырлардың мәтіндерін жазып ала бастады. Ақындар мен жыршылардың кейбіреулері өз туындыларын жазып отырды. Соның арқасында олардың өлеңдерінің түпнұсқа мәтіні сақталып қалған.

XIX ғасырдың ортасынан бастап жекелеген ақындардың өлеңдері мен жырлары жариялана бастады. Бұл жекелей поэзиялық шығармашылықтың айқын көрініс тапқан және дами бастаған дәуірі болды.

XIX ғасырдың басында өмір сүрген Шал, Көтеш, Жанкісі жыраулар өз толғауларында әлеуметтік теңсіздікті, хандардың халыққа жасаған зорлық-зомбылығын әшкерелеген.



Шал ақынның (1748–1819) шығармашылығы болған оқиғаға ақындық шабытпен сол сәтте үн қосуымен сипатталады.


- Олар қазақ халқының тарихындағы жекелеген оқиғалармен байланысты. Онда арнау өлеңдер мен мысқыл өлеңдері көп.
- Шал шығармашылығының негізгі тақырыбы – адам өмірі оның мәні, мораль, этика, дін мәселелері.



Кедей ортадан шыққан **Көтеш ақын** (1745–1818) өмір бойы жоқшылық тауқыметін тартты. Оның шығармашылығының басты сарыны – кедейдің азапты өмірін көрсету, әділетсіздікті әшкерелеу.



Жанкісі Басыбайұлы (1772-1849) - белгілі би, шешен, ақын. Қарағанды облысының Ұлытау ауданында дүниеге келген. Жасынан зерделі де зерек өскен ол ел арасындағы даулы мәселелерді шешуде тапқырлығымен, шешендігімен, әділдігімен көзге түскен.



XVIII-XIX ғасырдың басындағы көптеген жыраулардың шығармашылығына тән кейбір қайшылықтарына қарамастан, олар қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алады.

Бұл дәуірдің туындылары көркемдік нысаны жөнінен неғұрлым ертеректегі кездің өлең-жырларына қарағанда кемелдене түскен.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар

- 1. Қай жылы генерал-губернатор Б.Игельстром Кіші жүзде хандық билікті қалпына келтіріп, Айшуақты хан етіп қойды:
 - А) 1797ж.
 - В) 1793ж.
 - С) 1787ж.
 - D) 1799ж
 - E) 1784ж.
- 2. Әбілқайыр (XVIIIғ.) кім:
 - А) батыр
 - В) би
 - С) сұлтан
 - D) хан
 - E) рубасы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Атабаев Қ.М. Деректану-Қазақстан қоғамдық ғылымдарының методикалық негізі. // Тарихи дерек: археография және деректану мәселелері: Республикалық ғалыми-теориялық конференция материалдары. -30 қазан. -2007ж. - Алматы, 2007. - 3-11 бб.
- Тәсілова Н. Щербинаның экспедициясы: тарихи алғышарттары, зерттеушілердің құрамы мен негізгі әдістемесі. // Қазақ тарихы. -№2. -2008 ж. -51-57 бб.
- Қазақстан тарихы: лекциялар курсы: оқу құралы / ред.басқ. Қ. С. Қаражан. - Алматы : NURPRESS, 2011. - 376 б
- Калиева, К. С. Тарихнама: оқулық / К. С. Калиева. - Алматы : Полиграфкомбинат, 2012. - 279 б.
- Қазақстан тарихы: оқу-әдістемелік құрал / жауапты ред. А. З. Смағұлова. - Астана : Ұлттық тестілеу орталығы, 2013. - 98 б.
- Мұхатова, О. Х. Тарихнама ғылымы: теориялық - методологиялық негіздері және зерттеу үлгілері: оқу құралы / О. Х. Мұхатова ; Әл - Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2009. - 185 б.